

№37(176)

20 ҚЫРКҮЙЕК
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaŋa Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ӨНІР ДАМУЫ

ПРЕЗИДЕНТ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНА АЙРЫҚША МӘН БЕРІП ОТЫР



Фотос: t.me/agorda_resmi

Ақмола облысы – еліміздің басты аграрлық аймағының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл өңірге жасаған сапарын ең алдымен ауыл шаруашылығы саласынан бастауы да сондықтан. Президент агроөнеркәсіп кешенінің дамуымен танысып, сала өкілдерімен ашық пікір алмасты.

Биылғы жылы Ақмола облысында егіс алқаптарының көлемі 300 мың гектарға артып, жалпы аумақ 5,5 миллион гектарға жетті. Бұл – тек сан емес, әлеует пен мүмкіндік. Өңірдегі агроқұрылымдар 7 миллион тоннадан астам дәнді және 650 мың тоннадан аса майлы дақыл жинауды жоспарлап отыр. Қазіргі есеп бойынша, 3,6 миллион тонна астық бастырылып, әр гектардан орта есеппен 15,4 центнер өнім алынған. Жиналған астықтың сапасы да көңіл көншітерлік.

«Биыл ауа райы қолайлы. Үкімет тарапынан

жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, алдын ала жеңілдетілген несие беру сияқты нақты қолдаулар көрсетіліп жатыр. Астық түсімі жақсы болады деп ойлаймыз», – деді Президент аграршылармен кездесуінде.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығында терең өңдеу өндірісін дамыту қажеттігін ерекше атап өтті. Себебі өткен жылы саладағы өнім көлемі 8 триллион 250 миллиард теңгені құраса да, бұл ішкі жалпы өнімнің бар болғаны 6 пайызына ғана тең.

«Ауыл шаруашылығы – біз үшін табысты

сала. 12 миллион тонна бидай экспорттау әлеуеті – өте жоғары көрсеткіш. Қазірдің өзінде астықты Еуропа елдері сатып алып жатыр. Ал алғашқы 15 мың тонна бидай Вьетнамға жөнелтілді», – деді Президент.

Сапар барысында Мемлекет басшысы майлы дақылдар алқабын кеңейту жөніндегі жұмыстың жалғасып жатқанын да тілге тиек етті. 2023 жылмен салыстырғанда егістік көлемі 2,5 есе артып, 495 мың гектарға жеткен. Бұл – ауылдың берекесі мен елдің ырысы арта түсетінін аңғартады.

ЕРЛІК ПЕН ӨНЕГЕ

ЖЕҢІС ЖАЛЫНЫ ҚОСШЫДА ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ЭСТАФЕТА БЕРІЛДІ

Қосшыда жас ұрпаққа ардагерлердің асыл өсиеттерін жеткізу мақсатында «Ардагер өсиеті» республикалық жастар марафонының эстафетасын қабылдау рәсімі салтанатты түрде өтті. Маңызды шараға қала тұрғындары мен жастар белсенді түрде қатысты. Эстафета Қостанай облысынан Қосшыға беріліп, еліміздің тарихи-рухани мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолындағы республикалық акцияның жалғасы болды.



Фотос: облыстық ӘКЖС салтанат алаңы

МҰРА

«ҰРШЫҚ ПАТИ»: ӨНЕР МЕН ІЗГІЛІК ҮНДЕСКЕН ШАРА

Қосшыда Аналар кеңесінің бастамасымен рухани мазмұны терең, тағылымы мол игі басқосу – «Ұршық пати» ұйымдастырылды. Ежелгі көшпелі мәдениеттің нәзік көрінісі саналатын ұршық төңірегіндегі шара көпшілік көңілінен шығып, жиналған қауымға ұмыт бола бастаған құндылықтарды қайта еске салды. Ұршықтың жасалу ерекшеліктері мен мән-мағынасы туралы тың деректер мен сырлы әңгімелер айтылып, қатысушылар ұлттық қолөнердің қыр-сырын тереңірек тануға мүмкіндік алды.

Басқосу барысында еліміздің әр өңірінен жеткен ұршық үлгілері таныстырылды. Қызылордалық шеберлердің туындысында ілмек болмай, орнына арнайы керткі ойылады екен. Ал Батыс өңірінің ұршықтары салмақты басымен ерекшеленіп, сабы ықшам етіп жасалады.

ҰЛТТЫҚ КОД

ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қазақстан халқы тілдері мерекесі аясында Қосшы қаласында облыстық деңгейде «Мемлекеттік тілді оқытудың заманауи технологиялары» тақырыбында семинар-кеңес ұйымдастырылды. Ақмола облысының барлық аудандары мен қалаларынан келген тілдерді оқыту орталықтарының басшылары, әдіскерлері мен оқытушылары білім мен тәжірибе алмасу үшін жиналды.

Семинардың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді оқытудағы жаңа тәсілдер мен заманауи технологияларды оқу процесінде тиімді пайдалану жолдарын жан-жақты талқылау болып табылды. Қатысушылар өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, инновациялық әдістердің артықшылықтары мен қолдану мүмкіндіктеріне ерекше мән берді.

ЖЕҢІС ЖАЛЫНЫ

ҚОСШЫДА ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ЭСТАФЕТА БЕРІЛДІ

ЕРЛІК ПЕН ӨНЕГЕ

(Басы 1-бетте)

Марафон Жеңістің 80 жылдығына орай қолға алынған маңызды бастама ретінде жоғары бағаланып отыр. Оның негізгі мақсаты – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарының ауыртпалығын өз көздерімен көрген, тылда қажырлы еңбекпен еліміздің жеңісіне өз үлесін қосқан ардагерлердің өнегелі өсиеттерін жас ұрпаққа жеткізу. Сол арқылы жастарды отансүйгіштікке, батырлыққа және елге деген құрметке тәрбиелеу көзделді.

Аталған шараға Қосшы қаласында тұратын ғасыр жасаған майдангер Нұрқасым Әжітайұлы, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабдылбар Абақов, Қостанай облысынан келген делегация өкілдері және облыстық, қалалық жастар ресурстық орталығының мамандары қатысты. Олар осы марафонның маңыздылығын атап өтіп, ардагерлердің рухани мұрасын сақтау мен ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндетінің қаншалықты үлкен жауапкершілік екенін ерекше атап көрсетті.

Қатысушылардың пікірінше, ардагерлердің

өнегелі сөздері мен өсиеттерін дәріптеу жастардың рухани дүниесін байытып, елге деген сүйіспеншілігін арттырады. Олар жеңіс жолындағы батырлық ерліктер ешқашан ұмытылмайтынын, бұл игі шаралардың жас буынды патриоттық рухта тәрбиелеуде ерекше рөл атқаратынын жеткізді.

Шараның маңызды сәті – жастарға табысталған арнайы капсула болды. Капсула бейбіт өмірдің қадірін түсінуді, ардагерлердің аманын жас ұрпақ санасына сіңіруді білдіреді. Өңірлік коммуникациялар қызметінің хабарлауынша, болашақта марафонның эстафетасы Қарағанды облысына жол тартпақ.

«Ардагер өсиеті» республикалық жастар марафоны – өткен тарихымызды құрметтеу мен ұлықтаудың жарқын көрінісі. Мұндай игі дәстүрлер арқылы жас ұрпақ өз елін, жерін сүюді, өткеннің өнегелі сабақтарын бағалауды меңгереді. Осындай шаралар арқылы патриотизм мен ұлттық сананың өскелең буында нығая түсуі – болашаққа сенім артуға берілген мол мүмкіндік екені сөзсіз.

Жанар АХМЕТОВА

ТЕҢ ҚОҒАМ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ

Қазір ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында сенсорлық интеграция мен кинезиология әдістерінің маңызы артып келеді. Баланың толыққанды дамуы үшін оның физикалық, психологиялық және эмоциялық саулығын қолдау қажет. Осы бағытта Қосшы қаласының №20 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің (ППТК) психологтары А.Қажымұратова және А.Көбегенова ата-аналар мен педагогтерге арналған практикалық кеңес өткізді.

Кеңес берудің негізгі мақсаты – балалардың психикалық дамуы мен түзете-дамыту әрекетінде кездесетін қиындықтарды жеңілдету үшін сенсорлық интеграция элементтерін және кинезиологиялық жаттығуларды қолдану жолдарын түсіндіру.

Кеңес беру барысында мамандар сенсорлық интеграция ұғымының бала өміріндегі маңыздылығын түсіндірді. Көру, есту, сипап сезу, қозғалыс, тепе-теңдік жүйелерінің үйлесімді дамуы баланың мінез-құлықтағы тұрақтылығына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал ететіні туралы және сенсорлық бұзылыстардың белгілері мен оларды түзету жолдары атап өтілді. Сонымен қатар қатысушыларға сенсорлық ойындар мен жаттығулар үлгісі (құм терапиясы, түрлі текстурамен жұмыс, тепе-теңдікті дамыту талпырмалары) көрсетілді.

Психологтар семинардың келесі бөлімінде кинезиология әдістерімен бөлісті. «Ми гимнастикасы» жаттығулары, қимыл-қозғалысты үйлестіруге арналған қарапайым тәсілдер балалардың зейінін арттыруға, есте сақтау қабілетін дамытуға және қызығушылығын күшейтуге бағытталатыны түсіндірілді.

Ата-аналар мен педагогтер кеңес беру барысында берілген практикалық ұсыныстардың тиімділігіне тоқталып, балалардың күнделікті өмірінде оңай қолдануға болатынын атап өтті.

ППТК психологтары өткізген кеңес беру



ата-аналар мен мұғалімдерге балалардың даму ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, сонымен қатар практикалық әдістерді пайдалана отырып, олардың әлеуетін ашуға көмектесті. Алдағы уақытта мұндай кездесулерді жүйелі түрде ұйымдастырып, өткізу жоспарланып отыр.

Айнагүл Қалымбекқызы,
Қосшы қаласының №20 ППТК басшысының міндетін атқарушы

Құрметті Қосшы қаласының және Тайтөбе ауылының тұрғындары және жұмыс берушілер!	Уважаемые работодатели и жители города Косшы и Тайтөбе!
Сізді Еңбек күніне арналған Ашық есік күні мен Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысуға шақырамыз. Бұл іс-шара барлық санаттағы жұмыссыз азаматтарға арналған. Өткізу уақыты: 26 қыркүйек, сағат 16:00 Өткізу орны: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 11, «Мәдени-спорттық кешені», 1-қабат Анықтама үшін телефон: 8 7172 60 77 69	Приглашаем Вас, принять участие в Дне открытых дверей и Ярмарке вакансий, посвященных празднованию Дня труда для всех категорий безработных граждан. Время проведения: 26 сентября в 16:00 Место проведения: город Косшы, улица Республики 11, «Культурно-спортивный комплекс» 1 этаж Телефон для справок: 87172607769

ЖОЛДАУ ҮНІ

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР – ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел өмірі үшін айшықты бірқатар мәселе айтылды.

Бұл Жолдау Мемлекет басшысының өзі айтқандай, әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түскен уақытта дамушы мемлекет ретінде қамдануымыздың негізгі қадамдарын анық көрсетті. Әрине, ол үшін экономикасы үстем, саяси салмағы зор елдермен өзара дипломатиялық әріптестікті нығайта отырып, ғылыми-техникалық жетістіктің игілігін, яғни жасанды интеллектіні қолдануымыз қажет екеніне баса мән берілді. Ол үшін жасанды интеллект саласын экономиканы ілгерілету, өндірістің қуатын арттыру сияқты қоғамның барлық саласына енгізу қажет екені сөзсіз.

Президент өз сөзінде: «Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек» - деді.

Қандай бастама болса да әуелі құқықтық негізі, оның нақты сипаттамасы болуы тиіс. Әрине, ол үшін ең алдымен жасанды интеллекті, цифрландыру салаларын құқықтық реттеудің негізгі тетігі ретінде Цифрлық кодексті қабылдауымыз қажет. Бұл жұмыстар алдағы уақытта құрылатын Жасанды интеллекті және цифрлық даму министрлігі жұмысының аясында жүзеге асуы тиіс. Қазіргі жаһандану дәуірінде осы сала бойынша батыстың, оңтүстік-шығыс Азияның бірқатар елдерінің нақты тәжірибесін алуымызға болады.

Президент Жолдауында жасанды желіні экономикамыздың барлық саласын жаңғырту үшін пайдалануды баса атап көрсете отырып, бұл шара цифрландыруға зор серпін беретінін тілге тиек етті. Цифрлық активтердің экожүйесін қалыптастыру, криптоактивтерді қолдану, крипторезерв қалыптастыру мақсат



етілді. Біршама уақыт бұрын әлем экономикасының алыбы АҚШ басшылығы да осы мәселені төтесінен қойып, крипто әлемнің болашағы зор екеніне сенім білдірген болатын.

Жолдауда жасанды интеллектіні қаржы нарығы, геологиялық қызмет, ауылшаруашылығы, жер қатынастары, су шаруашылығы, экологиялық мәселе, кәсіпкерлікті дамыту, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да салалар бойынша нақты пайдалану қажеттілігінің кезек күттірмейтіні, тез арада іске асыра бастау керектігі анық түсіндірілді.

Түптеп келгенде жасанды интеллектіні жаппай енгізу, жаппай цифрландыру – еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттыратын болғандықтан стратегиялық бағдарымызға айналғаны анық болды. Жасанды интеллект – экономикалық қуатымыздың артуына, тұрмысымыздың жақсара түсуіне, жұртымыздың баянды ғұмыр кешуіне жағдай жасайтын құралға айналатын кез алыс емес.

Әлихан Қуатбеков,
Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

САПАЛЫ СУ – САПАЛЫ ӨМІР

Жылдан жылға халық саны тежеусіз артып келе жатқан Қосшы қаласында тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналды. Осыған байланысты облыс әкімдігі қолға алған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар тек Қосшы қаласының ғана емес, Ақмола облысының барлық ауылдық және қалалық елді мекендерінің тұрғындарын тұрақты әрі сапалы ауыз сумен қамтуға бағытталған. Бастамалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін беріп, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға үлкен үлес қосуда.

Ақмола облысында су құбырларын жаңғырту жұмыстары биік қарқынмен жүргізіліп, аяқталуға жақындап қалды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бақтыбек Жапаев өңір тұрғындарын үздіксіз әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Жоспарға сәйкес, қазір 43 инфрақұрылымдық нысанның құрылысы қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар, 44 су жүйесі жаңартылып, қайта жөндеуден өтуде. Шағын елді мекендердің ауыз суға деген сұранысын толық қамтамасыз ету үшін 40 су тазарту блок-модулі орнатылды. Мұндай жаңашыл технологиялар шалғайдағы ауылдардың су сапасын жақсартып, экологиялық жағдайды оңтайландырып отыр.

Қазір Ақмола облысының қалалары мен

көптеген ауылдық елді мекендері орталықтан-дырылған сумен қамтылған. Осы жылдың соңына дейін Көкшетау, Қосшы, Макинск және Ерейментау қалаларында тағы төрт ірі жоба аяқталып, пайдалануға беріlmек. Жаңа жобалардың іске қосылуы мыңдаған тұрғынның өмір сүру сапасын жақсартып, сумен жабдықтау жүйелерінің сенімділігін арттыратыны сөзсіз.

Биыл тамыз айында Көкшетау қаласында құны 7 миллиард теңгеге жететін жаңа су тазарту кешені өз іске қосылды. Заманауи нысан қала тұрғындарын тұрақты әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп, қызмет көрсету сапасын едәуір арттырды.

Бұл жұмыстар халықтың денсаулығын нығайтуға, экологиялық қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға және өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге негіз болады.

Алмат КАБЕГЕНҰЛЫ

ӨНІР ДАМУЫ

ПРЕЗИДЕНТ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНА АЙРЫҚША МӘН БЕРІП ОТЫР

(Басы 1-бетте)

АСТЫҚТЫ АЛҚАП – ЕЛ ЫРЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысына келген сапарында Зерендіде егін жинау науқанына арналған арнайы кеңес өткізді. Кеңеске Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының диқандары онлайн режимде қосылды.

Президент сапар мақсатының бастысы – егін орағының жай-күйімен танысу екенін атап өтті. Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігі, ішкі нарық тұрақтылығы мен экспорттық әлеуеттің астықты уақтылы әрі сапалы жинауға тікелей байланысты екенін жеткізді.

«Астық жинау науқанын ойдағыдай жүзеге асырсақ, шетелге мол өнім шығара аламыз», – деді Президент.

Өткен жыл – сала үшін табысты болғанын тілге тиек еткен Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жетістіктің негізі агротехнологияны тиімді қолдану мен диқандардың қажырлы еңбегі екенін айтты.

8 айдың қорытындысы – жаман емес. Өндірістік технологиялардың әлеуетін арттыру бағытында атқарылған істердің нәтижесі байқала бастады. Ауыл еңбеккерлерінің тынымсыз тірлігін жоғары бағалаған Президент:

«Сіздер табиғат тосын мінез танытса да, жай-күй талғамай еңбек етіп келесіздер. Мандай терлеріңіз арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауылдағы тұрмысты жақсартуға үлес қосып отырсыздар», – деп ризашылығын білдірді.

Салаға деген қолдаудың ауқымы кеңейіп келеді. Биыл Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен ауыл шаруашылығына жеңілдетілген несие беру үшін 1 триллион теңге бөлінді. Бұл – бұрын-соңды болмаған рекордтық көлемдегі мемлекеттік қолдау.

Президент алдағы егіс маусымына дайындықты ерте бастау қажеттігін де ескертті. Сонымен қатар: «Пайдасы көп әрі тиімділігі жоғары дақылдарды өсіруге басымдық беріп, егістікті әртараптандыруды жалғастыру керек», – деді Мемлекет басшысы.

Кеңесте элеватор тапшылығы, сапалы тұқыммен қамтамасыз ету, тыңайтқышты субсидиялау, инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері де айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Заманауи элеваторлар салуға және оларды жаңғыртуға жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы қажет. Сондай-ақ сапалы тұқым дайындауға ерекше назар аудару керек», – деді.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешеніне цифрлық технологияны тез арада енгізу қажеттігіне де баса мән берді. Жергілікті IT-бизнесі бұл іске жұмылдырып, барлық үдерісті толық қадағалайтын цифрлық жүйелерді енгізу – міндет.

Ауыл шаруашылығының болашағы мал шаруашылығымен де тығыз байланысты екенін айтқан Президент жыл соңына дейін мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы қабылданатынын мәлімдеді. Бұл бағдарлама салаға ұзақ мерзімді жеңілдетілген несие алуға мүмкіндік бермек.

Осындай көпбейінді шаруашылықтардың бірі – «Зеренді сақтау өнімдері» ЖШС. Кәсіпорын дирек-



торы Ербол Жауаровтың айтуынша, шаруашылық дәнді және бұршақты дақылдарды өсірумен, сиыр, жылқы тұқымдарын асылдандырумен айналысады. Бұдан бөлек, серіктестіктің қуаттылығы 2,5 мың тонна болатын май зауыты, құс фабрикасы мен диірмені бар.

Кеңесте ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, өңірлер басшылары мен агрофирма жетекшілері сөз сөйлеп, нақты ұсыныстарын жеткізді. Ақмола облысының әкімі қаржының уақытында бөлінуі мен мемлекеттік қолдау арқасында ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қараша айында Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумының өтетінін атап өтіп, бұл жиында агроөнеркәсіп кешенін дамытудың келешегі мен мемлекеттік қолдаудың нақты жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Сөз соңында Президент: «Егіс алқабындағы жұмыстарды уақтылы аяқтап, астықты дер кезінде жинап алу қажет», – деп нақты тапсырма берді.

КӨКШЕТАУ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Ақмола облысына жұмыс сапарымен барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Көкшетау қаласының 2050 жылға дейінгі Бас жоспарымен танысып, өңір орталығының даму бағытына жоғары баға берді. Ауқымды жобалармен танысу барысында Президент қала келбетін айқындайтын маңызды нысандардың құрылысын, реновациялық бағдарламалардың барысын және экологиялық бастамаларды бақылап шықты.

Бас жоспар аясында жылу электр орталығы, көпбейінді аурухана, Азаматтық қорғаныс академиясы мен спорт кешені бой көтеруде. Бұлар – қаланың тіршілігі мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған стратегиялық инфрақұрылым.

Сондай-ақ, алпысқа жуық өнеркәсіп кәсіпорнына арналған индустриялық аймақ құрылуда. Бұл бастама өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Бас жоспардағы ең ауқымды жобалардың бірі – Қопа көлінің жағасындағы заманауи іскерлік орталық. Мұнда тұрғын үйлер, сауда және бизнес орталықтары, әлеуметтік нысандар мен қоғамдық кеңістіктер салынады. Бұл аудан – болашақ

Көкшетаудың архитектуралық символына айналмақ.

Жалпы, қала аумағы 7 мың гектарға ұлғайып, халық саны 500 мың адамға дейін жетеді деп болжануда. Қаланы кеңейту – өңірдегі урбанизация процесінің қарқынын көрсетеді.

Көкшетауда бес жылдық реновация бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – ескі, апатты үйлердің орнын жаңа, жайлы әрі энергия үнемдейтін пәтерлермен алмастыру. Жоба операторы – Kokshe әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы.

Қазірдің өзінде 13 ескі үй бұзылып, 6 жаңа үй (2 тоғыз қабатты және 4 бес қабатты) салынған. Нәтижесінде 365 отбасы жаңа баспанаға қоныстанды.

Жалпы, 2029 жылға дейін 175 ескі үйді бұзып, орнына 35 заманауи үй салу көзделген. Бұл 11 мыңға жуық қала тұрғынының өмір сүру сапасын арттырады.

Президентке «Көк шалғын» деп аталатын біртұтас қоғамдық кеңістік жобасы да таныстырылды. Жобаның мақсаты – Мәңгілік алау, Даңқ аллеясы, Тәуелсіздік алаңы мен Сағдиев көшесін сәулет тұрғысынан үйлесімді туристік бағытқа айналдыру.

Қала әкімі Әнуар Күмпекеев кеңістікті көгалдандыру, автоматты суару жүйесі, құрғақ субұрқақтар, декоративті шамдар мен сәндік орындықтар орнату жұмыстарымен қатар, Қопа көлінің жаңа жағалауын интеграция жасау көзделіп отырғанын жеткізді.

Жалпы аумағы 7,5 гектар болатын бұл аймақ – қала тұрғындары мен қонақтарына арналған ыңғайлы әрі тартымды демалыс орнына айналмақ.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында Көкшетауда 7 мыңнан астам ағаш отырғызылған, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 11 мыңға жетпек. Мемлекет басшысы бұл бастамалармен таныса отырып, жаңа жағалауды да аралап көрді. Маусым айында ашылған жағалау – қала келбетін жандандырып қана қоймай, тұрғындарға демалыс пен серуендеудің жаңа мәдениетін қалыптастырмақ.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ САНДЫҚ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Осы сапарында Президент Көкшетау қаласында орналасқан Digital Aqmola орталығына арнайы барып, аймақты цифрлық трансформациялауға арналған кешенді жоспардың негізгі тұстарымен танысты. Озық цифрлық шешімдер арқылы қоғам-

дық қызмет сапасын арттыруды көздейтін орталық – өңірдің заманауи дамуына тың серпін беретін стратегиялық алаң ретінде бағаланды.

Жұмыс сапары аясында Қасым-Жомарт Кемелұлына «103», «109», «112» секілді жедел әрекет ету қызметтерін бір арнаға тоғыстырған I-Komek бірыңғай байланыс орталығының қызметі жан-жақты таныстырылды. Орталықтың негізгі мақсаты – төтенше жағдай кезінде халыққа уақтылы көмек көрсету мен мемлекеттік құрылымдардың өзара үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету. Тұрғындардан келіп түскен өтініштер мен шағымдар бірыңғай платформада шоғырланып, жедел әрекет ету мен шешім қабылдау үдерісі бірнеше есе жылдамдайды. Сандық шешімдерге негізделген мұндай жүйелер қоғаммен тиімді кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Digital Aqmola жобасы көлік жүйесі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, экология, қоғамдық қауіпсіздік пен денсаулық сақтау сияқты тірек салаларда деректерді орталықтандырылған негізде талдап, нақты уақыт режимінде бақылау жүргізуге бағытталған. Әкімшілік басқару үдерісін автоматтандырып, басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыруға жол ашатын бұл бастама – үш жыл ішінде Ақмола облысын толық цифрлық аймақ деңгейіне жеткізуді көздейді. Сандық технологиялар арқылы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту – аймақ басшылығының басты басымдығы ретінде белгіленген.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов ауыл шаруашылығы саласында жасанды интеллект элементтерін қолдануға негізделген пилоттық жоба жөнінде баяндады. «Дихан-Плюс» шаруа қожалығының тәжірибесі аясында енгізілген бұл инновациялық бастама – агротехникалық шешімдерді тиімді пайдалану арқылы егіншілік пен мал шаруашылығы өнімділігін арттыруға бағытталған. Егін алқаптарының жағдайын бақылау, тыңайтқыштарды оңтайлы пайдалану және еңбек ресурстарын тиімді ұйымдастыру сынды міндеттерді автоматтандыру арқылы шаруашылық кірісі едәуір өсіп, жергілікті бюджетке қосымша түсім түсе бастаған. Алдағы кезеңде осындай тәсілді басқа да шаруа құрылымдарына тарату жоспарланып отыр.

Президентке облыстағы инвестициялық жобалар мен өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларындағы жаңа бастамалар

туралы мәлімет ұсынылды. Өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестиция, заманауи өндірістік кешендердің құрылуы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы – аймақ экономикасының орнықты дамуының нақты көрсеткіштері ретінде атап өтілді. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа бағыттары мен заманауи технологияларды енгізуге бағытталған жобалар да Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған жоқ.

Әлеуметтік маңызы зор мәселелер де егжей-тегжейлі баяндалды. Атап айтқанда, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға арналған баспана құрылысы, Көкшетау қаласында жаңа жылу электр орталығын (ЖЭО) тұрғызу, облыс орталығы мен шалғай елді мекендерді сапалы ауыз сумен және жылумен қамту, денсаулық сақтау және бұқаралық спорт нысандарын салу, жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту сынды бастамалар ерекше мәнге ие. Бұл шаралардың барлығы өңір тұрғындарының әл-ауқатын жақсартып, өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.


ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛДЫ

Жұмыс сапарының қорытынды сәтінде Қасым-Жомарт Тоқаев Қосшы қаласын табиғи газбен қамту рәсіміне онлайн режимде қатысты. Телекөпір арқылы іске қосылған газ тарату жүйесінің алғашқы кезеңі аяқталып, қаладағы 79 көшеде тұратын 31 мыңнан астам тұрғын көгілдір отынға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Жоба аясында тартылған магистральді желінің ұзындығы 409 шақырымға жетеді. Сағатына 32 800 текше метр газ тасымалдай алатын инфрақұрылым Қосшының экологиялық ахуалын жақсартуға, электр және жылу жүйелеріне түсетін жүктемені азайтуға сеп болады. Жобаның жалпы құны 11,4 миллиард теңгені құрап отыр.

2021 жылдың 27 шілдесінде Қосшы қаласына облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілген еді. Сол уақыттан бері қала қарқынды дамып, Ақмола өңірінің әлеуметтік-экономикалық тіршілігінің жаңа орталығына айнала бастады. Газдандыру жұмыстары тұрғындардың тұрмыстық жағдайын едәуір жақсартып, өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеру жолындағы нақты әрі жүйелі бастама ретінде бағалануда.

Қаланы газбен қамту кезең-кезеңмен жүзеге асып жатыр. Екінші кезең 2026 жылдың II тоқсанында аяқталады деп күтілуде. Нәтижесінде тағы 50-ден астам көшенің тұрғындарына газ жеткізіледі. Үшінші кезең аясында келесі жылдың III тоқсанында Қосшының тағы 11 мың тұрғыны көгілдір отынға қосылады. Жобаның толық іске асырылуы қаладағы жылу қазандықтарының жұмысын жеңілдетіп, тұрғындардың тұрмысына жағымды әсер етпек.

Қосшының даму жолы – елдегі өңірлік саясаттың тиімділігін көрсететін нақты мысал. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан әрбір жоба жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға, өмір сапасын жақсартуға бағытталған.



Бетті дайындаған:
Даулет Асау, Бас редактор
+77074975733
t.me/Dauletkali Asauov
bi_barys01@mail.ru



АУЫЛЫН СҮЙГЕННІҢ ҚАЛАСЫ КӨРКЕЙЕР



МҰРА

«ҰРШЫҚ ПАТИ»: ӨНЕР МЕН ІЗГІЛІК ҮНДЕСКЕН ШАРА

(Басы 1-бетте)

Ақмола аймағында жиі кездесетін үлгіде ұшы темір ілмекпен аяқталады. Осылайша, әр өлкенің өз қолтаңбасы, өзіндік танымы бар екені тағы бір мәрте айқындалды.

Ұршық тек жіп иіретін құрал ғана емес, әйел затының ұқыптылығы мен ішкі қуатын айқындайтын ерекше нышан ретінде сипатталды. Ел ішінде ұршық иіріп отырған ананың мысы басым келеді деген сенім кең таралған. Ондай жанның қасында сөзге келіп, артық әрекет жасауға ешкімнің дәті бармайтыны жиі айтылып жүр. Көне дәуірлерден келе жатқан мұндай наным-түсініктер қазіргі заманның өзінде де өзектілігін жоймағаны көңіл қуантады.

Қатысушылардың айтуынша, ұршықпен айналысу – жан мен тәнге дем беретін тыныштық бұлағы секілді. Жіп иіре жүріп, адам біртіндеп ішкі күйзелістен арылады, ойы жинақталып, бойға сабыр енеді. Әсіресе, күйбең тіршіліктен қажыған жанға ұршықпен жұмыс істеу – үлкен тынығу. Шеберлікке, дәлдікке, төзімге баулитын бұл өнер – ұлттың көркемдік танымы мен тәрбиелік дәстүрін тереңнен танытады. Қолынан іс келетін, шаруасын тындырып, адамдардың тілін тауып отыратын әйел затына «бәрін ұршықша иіріп отыр» деп айтылатын теңеу де сол себепті өміршең.

Жүн қыркудан бастап, сабау, тұту, иіруге дейінгі әр кезең – бір-бірінен бөлектенбейтін тұтас мәдениет. Әр қадамы өзіндік тәрбиеге, еңбекке баулитын мектеп десе, артық айтқандық емес. Жиналған аналар мен қыз-келіншектер осы

үрдістердің терең астарына үңіліп, таным көкжиегін кеңейтіп қайтты. Тәлім мен тағылымға толы кездесуде тек қолөнер емес, ұлттық болмыстың бір бөлшегі жаңғырып, жадымызда жаңарды.

Шара соңында иірілген жіптер ерекше мейіріммен оралған ізгі іске бағытталды. Аналар қауымы қолымен иірген жіптерін мерзімінен бұрын дүниеге келген сәбилерге тоқыма дайындайтын «28 ілмек» атты қайырымдылық бастамасына тапсырды. Бұл – ниетке лайықты сауап пен алғыс арқалаған жүрекжарды қадам болды. Осындай істер арқылы адамгершілік пен ізгіліктің ұрпақ санасына сіңетіні сөзсіз.

Қатысушылар тарапынан айтылған пікірлер мен әсерлер де ерекше болды. Көпшілік мұндай басқосулардың жиі ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтардың ұмытылмай, жас ұрпаққа жеткізілуі қажет екенін атап өтті. Ұршықтың бойында бүкіл бір халықтың тарихы, өнері, рухы жатқанын сезінгендер көп болды. Бір ананың сөзімен айтсақ, «ұршық иіріп отырып, жан дүнием тазара түскендей болды; әжемнің жанында отырған балалық шағым көз алдыма келді...» деген сынды әсерлі естеліктер ортаға салынды.

Айта кету керек, көптің назарын аударған бір жайт – «пати» сөзінің кей деректерде «құпияны ашу» деген мағына беруі. Ұршық пати барысында нәзік иірімдерге бағынатын, сиқырлы қолөнердің терең сырына бойлау арқылы сан қырлы құпиялардың шеті көрінді. Қатысушылар ежелгі дәстүрдің жаңаша түрленіп, қазіргі қоғамға лайықталып қайта оралуына куә болып, үлкен рухани серпіліспен тарқасты.



Фото: ақпараттық ресми тармақтарының алаңы

ҰЛТТЫҚ КОД

ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ



Фото: ақпараттық ресми тармақтарының алаңы

(Басы 1-бетте)

Іс-шараны Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Айнагул Көңбайқызы ашып, қатысушыларға ізгі тілектерін білдірді. Ол мемлекеттік тілді дамытуға арналған осындай бастамалардың маңыздылығын атап өтіп, олардың одан әрі дамуына сәттілік тіледі.

Ақмола облысы ішкі саясат басқармасы оқу-әдістемелік орталығының басшысы Қажиахметов Қуаныш Қайыргелдіұлы мен Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры Лиза Қожақызы семинарға қатысып, тіл оқытудағы жаңа тәсілдер мен білім беру сапасын арттыру бағытындағы жұмыс тәжірибелерімен бөлісті.

Қосшы қаласы Тілдерді оқыту орталығының директоры Әлия Қуатжанқызы орталықтың

инновациялық тәжірибелеріне тоқталып, тіл үйретудегі жаңашыл әдістерді іс жүзінде қолдану жолдарын ұсынды. Ол білім алушылардың тіл меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған тиімді құралдар мен әдістемелер туралы айтты.

Семинар барысында үш панорамалық сабақ өткізілді. Оқытушы Сымбат Мұхамеддәуітқызы «Заманауи платформа – тіл үйренудің жаңа әлемі» тақырыбында сабақ беріп, интерактивті әдістердің оқушылардың қызығушылығын арттырудағы рөлін көрсетті. Айнұр Оразханқызы «Қазақ тілін үйрену – жаңашыл әдіс пен заманауи технологияның тоғысында» тақырыбында сабақ жүргізіп, тіл үйретудегі инновацияларды тиімді қолданудың жолдарын түсіндірді. Сонымен қатар, Әсел Кәрімқызы «Ағылшын тілі әлеміне ойын арқылы қадам» тақырыбында өткізген сабағында ойын элементтерін пайдаланып, ағылшын тілін меңгеруді жеңілдетудің үлгісін ұсынды.

САУАТТЫ ЖАРНАМА

Қала көшелерін аралай отырып, кез келген адам әр жазуда мәдениеттің, тарихтың ізі тұрғанын байқай алады. Әр көше атауы, әр тақта, әр жарнамалық баннер – тек бағыт беруші құрал емес, қала өмірінің, оның рухының айнасы.

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН КӨШЕ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ТІЛ НОРМАЛАРЫ

Көрнекі ақпарат тұрғындарға тек бағыт беріп қана қоймай, мәдениеттің үнін жеткізеді. Дұрыс жазылған көше атаулары мен нұсқаулықтар жүректі жылытып, қалаға тәртіп пен ұқыптылық әкеледі. Ал әріптері шатасқан, мәні түсініксіз жазулар, керісінше, адамдардың түсінігін қиындатып, қала бейнесін бұзады.

Қазақ тілі – ұлттық мәдениеттің, тарихтың маңызды бөлігі. Ол көрнекі ақпарат пен көше атауларында дұрыс сақталған сайын, қала тұрғындары мен мекемелер мәдениетке, дәстүрге деген құрметін көрсетеді. Әр сөздің, әр әріптің орны – тек жазу емес, ұрпаққа қалатын сабақ, мәдениетке деген қамқорлық.

Тұрғындар мен мекемелер әр жазуға мұқият қарап, тіл нормаларын сақтау арқылы қаланы көркемдейді, мәдениетті дәріптейді және ұлттық бірегейлікті сақтайды. Көрнекі ақпарат пен



көше атаулары – тек бағыт беруші құрал емес, қала тарихының, мәдениетінің және рухының көрінісі.

Көшелердегі әр жазу әріптер мен сөздер жиынтығы ғана емес, мәдениеттің шағын бейнесі. Сол себепті тіл нормаларын сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті, қалаға, тарихқа және

мәдениетке деген құрметтің айнасы.

А. Ахмедиянова,
«Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ бас маманы



Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com

Jana
BastauМеншік иесі –
«Bastau Media» ЖШСДиректор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫБас редактор
Дәулет АСАУБас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ
Нөмірдің кезекшісі
Аяжан ЕРБОЛ• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күнелігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz